



Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының тексеру жұмысын жүргізу тәртібі туралы нұсқау

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 25 сәуірдегі N 40. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 23 тамызда тіркелді. Тіркеу N 194. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 443 қаулысымен. ~V990923

Қазақстан Республикасы Бағалы

қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссияның 1996 жылғы 04 "25"
40 нөмірлі қаулысымен бекітілді

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі БҚЖҰК) құнды қағаздар рыногындағы жұмысты бақылауды Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы сәуірдің 21-індегі "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" 2227-нөмірлі U952227_ Заң күші бар Жарлығының, Қазақстан Республикасының басқа заң актілері мен БҚЖҰК-ның нормативті актілер негізінде, осы Нұсқауда көзделген тәртіпте жүзеге асырады.

I. Тексеру жұмысының міндеттері және Ұлттық комиссияның өкілеттігі

1. БҚЖҰК тексеру жұмысының негізгі міндеттері:

- эмитенттердің, құнды қағаздар рыногы қатысушыларының (резиденттердің және бейрезиденттердің), олардың бірлестіктерінің Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын, құнды қағаздар рыногындағы қызметті реттестіруші заңға жататын нормативтік актілерді орындауын бақылауды

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

- эмитенттердің құнды қағаздарын шығарылу және айналымда болу шарттарын орындауын бақылау;
- құнды қағаздар рыногы қатысушыларының, қор биржаларының өздері алған лицензияға сәйкестігін анықтау;
- құнды қағаздар рыногындағы өз жұмысы туралы мәлімет жариялау тәртібін сақтауын, аталған мәлімет талаптарының толықтығын, анықтығын, түсініктілігін, сондай-ақ халыққа үздіксіз жеткізіліп отыруын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

Тексеру жұмысының нақты міндеттері әрбір жағдайда тексеру жұмысының бағдарламасында белгіленеді.

2. Тексеру жұмысы процесінде және олардың нәтижелері бойынша БҚЖҰК :

- құнды қағаздар рыногы қатысушыларынан және эмитенттерден БҚЖҰК жүктелген бақылау жұмыстарын жүзеге асыру үшін оған қажетті толық мәлімет беруді талап етуге;
- бақылау жүргізу жөніндегі жұмысқа кеңесші және сарапшы ретінде отандық және шетелдік мамандар тартуға;
- мемлекеттік билік органдарынан және басқармалардан эмитенттердің құнды қағаздар рыногындағы қызметіне байланысты мәлімет сұрауға және бақылауды жүзеге асыру барысында бұл мәліметті пайдалануға;
- құнды қағаздар эмиссиясын тоқтатуға және бұл эмиссияны болмаған деп тануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары бұзылғандығы анықталған жағдайда берілген лицензияны тоқтатуға және оны кері шақырып алуға;
- құнды қағаздардың шығарылуы, олардың орналастырылуы туралы жалған, анықталмаған және толық емес, сондай-ақ құнды қағаздар рыногында жасалған операциялар туралы және Қазақстан Республикасының құнды қағаздар туралы заңдарының басқа да бұзылғандығы анықталған жағдайда эмитентті құнды қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушының заңмен белгіленген жауапқа тарту үшін, құқық қорғау, сот және мемлекеттік билік органдарына шығым жасауға;
- құнды қағаздардың шығарылуы және айналыста болу процесінде инвесторлар мен акционерлердің бұзылған құқығы мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде сотқа талап қоюға құқығы бар.

II. Тексеру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу

3. Эмитенттерді, құнды қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларын тексеруді БҚЖҰК атқару аппаратының қызметкерлері жүзеге асырады.

Тексеру жұмысын жүргізген уақытта БҚЖҰК атқару аппаратының

қызметкерлері тек қана Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қаулыларын және Өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін, сондай-ақ солардың негізінде шығарылған министрліктердің, ведомстволардың және Республиканың Ұлттық банкінің нормативті актілерін басшылыққа алуға міндетті, тексеріліп жатқан субъектілерге байланысты әділетсіздікке және теріс түсініктерге, сондай-ақ заңдарға сәйкес белгіленген коммерциялық және қызмет мақсатына байланысты мемлекет сақтайтын басқа да құпия болып табылатын мәліметті пайдалануға жол берілмейді.

4. Тексеру жұмысы БҚЖҰК-ның жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік билік органдары мен басқармалардың, құқық қорғау және салық органдарының ұсыныстары, құнды қағаздар рыногы қатысушылары мен азаматтардың хаттары, өтініштері және шағымдары бойынша жүзеге асырылады.

Б Қ ж Ұ К

- атқару аппаратының қызметкерлерін шаруашылық етуші субъектілердің қызметін ведомствоаралық тексеру жұмыстарына тартуға болады (келісім бойынша).

5. Құнды қағаздардың шығарылуын мемлекеттік тіркеу, құнды қағаздардың орналастыру нәтижелері туралы есепті бекіту, сондай-ақ құнды қағаздар рыногындағы кәсіпқой қызметке лицензия алуға тапсырылған материалдарды қарау барысында БҚЖҰК атқару аппаратының қызметкерлері құжаттардың қолданылып жүрген заңдарға сәйкестігін тексереді.

6. Тексеру жұмысын жүргізу мерзімі істелетін жұмыстың, қойылған міндеттердің көлеміне және қызметкерлер тобының құрамына қарай белгіленеді, бірақ 30 күнтізбелік күннен аспауға тиісті.

Тексеріліп жатқан объект жұмысының ерекшелігіне, тексеру жұмысының алдына қойылған міндеттердің күрделілігіне және тексеру жұмысы көлемінің кеңдігіне байланысты тексеру жұмысы белгіленген мерзімде бітпей қалған ерекше бір жағдайларда тексеру жұмысын жүргізуге жіберілген қызметкер (тексеру тобының жетекшісі) БҚЖҰК Төрағасына істелген жұмыстың нәтижесі және оны аяқтау мерзімін ұзарту қажеттігінің себептері баяндалған баяндау х а т ы н ж і б е р е д і .

Оны қарау қорытындылары бойынша БҚЖҰК-ның Төрағасы қосымша уақыт беру қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

Тексеру актісіне қол қойылған күн тексеру жұмысының біткен күні деп с а н а л а д ы .

7. Тексеру жұмысын жүргізу алдында қолда бар заң және нормативтік актілерді, құнды қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының немесе

эмитенттің жұмысын сипаттайтын материалдары оқылып-зерттеліп, тиянақты дайындық жұмысы жүргізілуі тиіс. Қолда бар материалдар мен басқа да деректерді оқып-зерттеу нәтижесінде әрбір тексеру жұмысының алдында тексеру жұмысының бағдарламасы жасалып нақты мақсаттар мен тексерілуге тиісті мәселелердің тізімі белгіленеді және соған байланысты тексеру жұмысын жүргізуге арналған топ құрамы жинақталды.

8. Тексеру жұмысының бағдарламасымен бірге тексеру жұмысын жүргізетін топ мүшелерінің арасында тексеру объектілерін бөліп бере отырып, оны жүргізудің жалпы жұмыс жоспары жасалады.

Тексеру жұмысының жүргізудің бағдарламасы мен жоспарын БҚЖҰК атқарушы аппаратының тиісті бөлімшесіне жетекшілік етуші БҚЖҰК мүшесі б е к і т е д і .

БҚЖҰК ведомствоаралық комиссияларда немесе құқық қорғау және басқа органдардың ұсынысы бойынша жүргізілетін тексеру жұмысына қатысқан жағдайда, бағдарлама тексеру жұмысын ұйымдастырып отырған органдармен к е л і с і л е д і .

9. Қызметкер әрбір тексеру жұмысын жүргізу үшін оған N 1-қосымша сәйкес тексеру объектісі мен оның жүргізілу мерзімі көрсетілген бір жолғы куәлік беріледі. Куәлікке БҚЖҰК-ның төрағасы қол қойып, елтаңбалы мөрмен к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Аппарат жұмысын қамтамасыз ету басқармасы берілген куәліктерді тіркеу мен нөмірлеп отыру арқылы олардың есебін жүргізеді. Тексеру жұмысы біткеннен кейін куәлік оны берген органға қайтарылып, іс қағаздарының ішіне тігілген тексеру материалдармен бірге сақталады.

10. Тексеру жұмысына кіріспестен бұрын тексерілетін объектінің басшысына топ жетекшісі тексеру жұмысын жүргізуге өзінің өкілеттігін білдіретін құжатын көрсетіп, оны тексеру жұмысын жүргізу бағдарламасымен таныстырады.

Тексеру жұмысын жүргізуге кедергі келтірген және тексерушіні жұмыс істеуге қажетті жағдайлармен қамтамасыз етпеген лауазымды адамдар заңмен белгіленген тәртіпте жауап береді.

11. БҚЖҰК атқарушы аппаратының қызметкерлері тексеру жұмысын жү р г і з г е н к е з д е :

- құнды қағаздардың орналастырылуы туралы есебін, құнды қағаз ұстаушылар реестрін, құнды қағаздар бойынша жасалған мәмілелер бойынша бастапқы құжаттарды, жарғылық қордың қалыптасуына және құнды қағаздармен жасалған операцияларға қатысты бухгалтерлік және банктік құжаттарды, сондай-ақ қолдағы нақты құнды қағаздар мен материалдық құндылықтарды т е к с е р у г е ;

- меншік иесінің немесе оның өкілінің не ол өкілеттік берген адамның

қатысуымен құнды қағаздардың бланкін шығаратын немесе оларды толтыратын кәсіпорындардағы өндіріс, қойма орындарын және басқа орындарды қарауға;

- құнды қағаздар бланктерінің белгіленген стандарттарға сәйкестігін тексеру үшін оларды таңдап алуға, құнды қағаздар қоймасын және басқа сақтау орындарына сүргі салуға;

- тексеру жүргізіліп жатқан объектілердің басшыларынан және басқа лауазымды адамдардан тексеру барысында пайда болған мәселелер бойынша жазбаша түсініктеме беруін талап етуге және оны алуға;

- қолдан жасалған, жалған құжаттар және басқа теріс қылық табылған жағдайда, тексеру материалдарын құқық қорғау органдарына өткізуге құқықты.

12. Құнды қағаздардың банкілерін түгендеу жұмысын жүргізу үшін тексеруші тексерілетін шаруашылық субъектісі басшысының алдына бланк қалдыратын жоспардан тыс түрде алу, комиссия құрамы (тексеруші өкілдер мен тексерілетін шаруашылық субъектісінің материалдық жауапты қызметкерлерінен тұруға тиісті), жұмыстың басталу және біту мерзімі туралы бұйрық беруі жөнінде мәселе қояды.

13. Құнды қағаздар рыногы қатысушысын немесе эмитентті тексеру барысында қолданылып жүрген заңдарды екінші қатысушының бұзғандығы анықталған жағдайда, құнды қағаздар рыногын осы қатысушысының жұмысына қарама-қарсы тексеру жұмысы жүргізіледі.

14. Заң бұзылғандығы және қызметін теріс пайдалану анықталған жағдайда, анықталған фактілерге қатысты құжаттардан көшірме немесе үзінді-көшірме, сондай-ақ кінәлі адамның жазбаша түсініктемесі тексеру материалдарына қосып қойылады.

Тексеріліп жатқан адам тексеруші сұраған құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, себептеріне (жоғалып қалған, жауапты қызметкердің орнында болмауы т.б.) қарамастан берілмеген құжаттардың және материалдардың жоқтығы туралы актіге жазылады. Құжаттарды ұсыну мерзімін кейінге қалдыру туралы дәлелді өтініш түскен жағдайда, ол мерзім ұзартылуы мүмкін.

III. Тексеру жұмысының нәтижелерін рәсімдеу және оларды іске асыру тәртібі

15. Тексеру жұмысы аяқталғаннан кейін тексеруші, тексерілген шаруашылық етуші субъектінің басшысы және бас бухгалтері қол қойып акт жасалады.

Тексеру жұмысының қол қойылған актісінің бір данасы қолхат арқылы тексерілген шаруашылық етуші субъектінің басшысына беріледі.

Тексеру жұмысын қызметкерлердің үлкен тобы жүргізген уақытта актіге осы

топтың басшысы ғана (тексерушілердің атынан) қол қояды.

16. Тексерілген субъект басшылары тарапынан акт бойынша қарсылық болған жағдайда, бұл туралы олар қол қоярдың алдына жазып, жазбаша қарсылықтарын қоса береді. Тексеру жұмысы заңның бұзылуына тікелей кінәлі деп тапқан лауазымды адамдардың немесе соған қатысты адамдардың түсініктемелері де актіге қоса беріледі.

Жазбаша берілген қарсылықтардағы (ескертпелердегі) баяндалған фактілердің дұрыстығы тексерілуі тиіс және олар бойынша тексеруші жазбаша қорытынды пікір жазып береді.

17. Тексерілген шаруашылық етуші субъектінің лауазымды адамдары тексеру актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, тексеруші тиісті акт жасайды және тексеру жұмысының материалдарына осы актіні қосып, олардың кіріс корреспонденциясы журналына тіркелгендігі жайлы белгіні ала отырып, тексерілген субъектінің кеңсесіне тапсырады.

18. Тексеру жұмысының нәтижелері актіде қолдағы бар құжаттар мен материалдардан туындайтын тексерілген деректер мен фактілер, сондай-ақ жүргізілген қарама-қарсы тексеру жұмыстарының нәтижесі туралы мәліметтер негізінде баяндалады.

Тексеру жұмысының актісіндегі кемшіліктер мен заң бұзушылық фактілерге, сондай-ақ бұзылған немесе сақтамаған тиісті нормативтік құжаттарға сүйене отырып, әділетті түрде баяндалуы тиіс.

Тексеру жұмысының актісінде алдыңғы тексеру жұмысы бойынша ескертпелерді объектінің қалай орындағандығы жайлы мәліметтер, сондай-ақ тексеру барысында қолданылған шаралар көрсетілуі тиіс.

Құжат бойынша дәлелденбеген, тексерушінің жеке көзқарасын, лауазымды адамдардың іс-әрекетіне берілген әділетсіз бағалауды білдіретін жазбаларға жол берілмейді.

19. Тексеру жұмысының барлық актісі басшыға тапсырылар алдында одан әрі шешім қабылдау үшін БҚЖҰК жетекшілік ететін мүшесімен бірігіп қарауға Басқармалар бастығына беріледі.

20. Анықталған заң бұзушылықтар мен жұмыста жіберілген кемшіліктерді жою үшін тексерілген шаруашылық етуші субъект басшысына БҚЖҰК Төрағасының қолы қойылған, N 2-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша жазбаша ескертпе хат жіберіледі.

21. Жазбаша ескертпе хат белгіленген мерзімге орындалмаған жағдайда БҚЖҰК тексерілген қызмет түріне берілген лицензияны тоқтату немесе кері шақырып алу, құнды қағаздар эмиссиясын тоқтату немесе оны болмаған деп тану туралы мәселе қарап, ол туралы тексерілген заңды тұлға басшысына жазбаша хабар береді.

22. Құнды қағаздар рыногы жұмысында заң бұзылғандығы, өрескел теріс қылықтар анықталған жағдайда, тексеру жұмысының материалдары құқық қорғау органдарына беріледі.

23. БҚЖҰК қызметкерлері тексеру жұмысының материалдарын үнемі оқып зерттейді және жинақтайды, солардың негізінде қолданылып жүрген нормаларды : ережелер мен нұсқауларды қайта қарау, сондай-ақ құнды қағаздар рыногында қолданылып жүрген заңдардың сақталуын бақылауды жақсарту туралы ұсыныстар енгізуге құқықты.

Қазақстан Республикасы

Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясының
"Тексеру жұмысын жүргізу
тәртібі туралы Нұсқауға"
N 1 қосымша

КУӘЛІК

Осы куәлік _____ тексеру жұмысын жүргізу
занды тұлғаның атауы
үшін _____
(лауазымы қызметі)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)
беріледі.

Тексеру жұмысының мақсаты _____

Тексеру жұмысының мерзімі _____

Негіз: Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы сәуірдің 21-дегі Заң күші бар "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" N 2227 Жарлығы.

Ұлттық комиссияның

Төрағасы

Қазақстан Республикасы Бағалы

қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясының "Тексеру жұмысын
жүргізу тәртібі туралы Нұсқауға"
N 2 қосымша

_____ басшысына
(заңды тұлғаның атауы)

_____ (толық заңды мекен-жайы)

Е с к е р т п е х а т

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы
199__жылғы _____ жүргізілген тексеру
жұмысының
барысында құнды қағаздардың шығарылуы және айналымда болуы жөніндегі
Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары бұзылған мынадай
фактілердің анықталғандығын хабарлайды:

199__жылғы _____ " __ " дейінгі мерзімде Сіз, 199__жылғы _____ " __ "

актіде көрсетілген заң бұзушылықтың түгелдей жойылуын қамтамасыз ету және
заң бұзушылықтардың жойылғандығы туралы 199__жылғы _____ " __ "
дейінгі
мерзімде БҚЖҰК-ға хабарлауыңыз қажет.

Бұл ескертпе хат орындалмаған жағдайда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Ұлттық комиссия лицензияны тоқтату немесе кері шақырып алу, құнды қағаздар эмиссиясын тоқтату немесе оны "болмаған" деп тану жөніндегі өз құқығы барлығын сізге хабарлайды.

Ұлттық комиссиясының
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК